


1 2006

5730к

жем балалар әдебиеті

АЛИНДГРЕН

БАЛАҚАЙ
ЖӘНЕ
ШАТЫРДА
ТУРАТЫН
КАРАСОН






A 2000/5750





Әлем балалар оғевиеті







Әлем балалар әдебиеті

А.ЛИНДГРЕН

БАЛАҚАЙ ЖӘНЕ ШАТЫРДА ТУРАТЫН КАРАСОН

Алматы

«Балауса» баспасы

2005

Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат жөне спорт министрлігі Ақпарат жөне мұрагат комитетінің «Әлеуметтік маңызды әдебиет түрлерін өзірлеу жөне шығару» бағдарламасы бойынша атқарылып отыр.

Ақылдастар алқасы:

Есемжан Қосубаев
Сламбек Тәуекел
Қадыр Мырза Әли-төрага
Әлібек Асқаров
Абылайхан Құлбаев
Әбілмәжін Жұмабаев
Оразақын Асқар
Сұлтан Қалиев

Линдгрен А.

Л 59 Балақай және шатырда тұратын Карлсон. – Алматы: «Балауса» баспасы, 2005. – 320 бет.

Бұл әлем балалар әдебиетіне арналған 50 томдықтың бірі.

ISBN 9965-672-33-4

Бұл кітапқа белгілі швед жазушысы Астрид Линдгренның қарапайым бала Свантес Свантессон (лақап аты Балақай) мен оның адам тақ қаларлық жолдасы Карлсон туралы жазған үш повест енген.

4804010400
Л 411(05)-05

ББК 82(4 Шва)

ISBN 9965-672-33-4

© «Балауса» баспасы, 2005
© Дизайнер Ж.Болатаев

Деңгелей алған күндең шығармынан шындағандағы
ның озакасындағы жағдайы меншік шығарылғандағы иесе
пүштеге төрт көтөрек немесе көміндегі шығарылғандағы
жеткілдік үшіндең шығарылғандағы жағдайдағы шығарылғандағы
шығарылғандағы жағдайдағы шығарылғандағы шығарылғандағы

Алғысөз

Атақты швед жазушысы Астрид Лингернің қаламынан
туған Карлсон Шведциядан шығып, айдай өлемді аралап кет-
кен кейіпкер. Көдімгі қысылғанда қиуадан пайда болып, қол
ұшын беретін қазақтың Қызыры сияқты ол да жер жүзі бала-
ларының ең сүйікті досына айналды. Өлемдегі ең көңілді өрі
кулдіргі, ең кірпияз өрі кінәмшіл кісі Карлсонның Балақаймен
қарым-қатынасы, онымен жаразты ойын-күлкісі, өзіл-қалжыны
қай жастагы баланы болсын қызықтырмай қоймайды. Оның
балақайды шатырдан құлап бара жатқанында жерге түсірмей
аман алып қалуы, ауылдан келген анқауды алаяқтардан
құтқаруы, үй тонауга келген үрүларды ұстап ап сазайын тарт-
тыруы – Карлсонның қашан да жақсылыққа жақ, жамандыққа
қас үлкен жүрек иесі екенін танытады. Ол және бап та талға-
майды. Қысы-жазы шатырда, муржаның ығындағы күркесінде
тұрып-ақ бүкіл дүниеде не болып жатқанын біліп отырады.
Қай жерде қындық кездессе, кіндігіндегі түймесін басып, ар-
қасындағы зырылдауығын іске қосып тікүшақтай зырлап ұшып
бара қояды.

Балдырғандардың осындағы сүйікті кейіпкерін өмірге
өкелген жас жеткіншектердің жарқын досы, жанашыр анасы
Астрид Лингрен 1907 жылы Шведцияда дүниеге келген. Ізгі
ана, ірі қаламгер жүз жасқа жуық ұзақ та ұлағатты ғұмыр
кешті. Оның туған елінде жарияланған туындылары қыры-
қыншы жылдардың екінші жартысында өз елінен шығып,
дүйім дүниегше тарай бастады. Содан бері оның шығармалары
өлемнің отыздан астам елінде жарық қөрді. Жазушының
өзі Ханс Кристиан Андерсен атындағы халықаралық сый-
лыққа ие болды.

Бұрынғы кеңес кеңістігінде Астрид өңгімелерінің алғашқы

аудармалары елуінші жылдардың аяғында пайда болған еді. Содан бастап алғашқы жиырма жылдың бағдарында оның кітаптары төрт жарым миллион данамен жетпіс рет басылып шықты. Кеңес Одағында ол бауырлас халықтардың отызға жуық тіліне тәржымаланды. Әсіресе, оның “Ұзын шұлықты Пеппи”, “Балақай мен Карлсон туралы хикаялар”, “Калле Блюнквист”, “Лейн бортадан шыққан Эмилдің бастан кешкендері” тәрізді шығармалары алуан ұлттың жасөркендеріне жан азығы болып, жастанып жатып қытын кітабына айналды.

А.Лингрен шығармаларындағы жас қырымандарды баурап алатын басты қасиет қиял мен шындықтың, ғажайып пен қүнделікті тірліктің біте қайнасып жатуы ғана емес, қаламгердің балалар жаңына терең бойлап, тағдырына зер салуында, өмір тынысына ден қоюында. Адамгершілік асқақ мұрраттар мен шынайы мейірмандықтың, балаларға деген маҳаббаттың терең тамырларын дөп басып, журек лүпілін сезуі оның бүкіл шығармашылық болмыс бітіміне түгел тән. Жазушы жас кезінде Лев Толстой шығармаларымен өуестеніп, одан көп тәлім алғанын, Максим Горькийдің ғұмырнамалық хикаяларының өсері зор болғанын жасырмай, оларды үстаз санайтының мақтан тұтады.

Жазушының атагын жалпақ жаһанға жайған Балақай мен Карлсон хикаялары өз елінде 1955 жылы жарық көрісімен араға бір жыл салып оның үстаздары Толстой мен Горькийдің елінде кеңінен танылды. “Балақай мен шатырда тұратын Карлсоны” 1957 жылы орыс тіліне аударылса, қалған екі хикаятты шведше шығуына орай іліе тәржімалданып отырды. Ұзамай олардың сахналық нұсқасы да жас көрермендердің көдесіне асты. Олар Мәскеу мен Санкт-Петербургтың және басқа қалалардың театрларында қойылды.


Балақай мен Карлсон туралы хикаялары қазақ тіліне сексенінші жылдардың басында аударылып, әлемге өйгілі швед жазушысының тамаша туындысын қазақ балалары өз ана тілінде оқи бастады. Оны қазақшалаған белгілі сыншы марқұм Мұрат Тоқбергенев еді. Сол шығарма төуелсіз Қазақстанның жас қырымандарына қайта ұсынылып отыр.

Сарбас Ақтаев



А.ЛИНДГРЕН

ШАТЫРДА
ТУРАТЫН
КАРЛСОН
ТАГЫДА
СОТАНАКТЫҚ
ЖАСАДЫ





пәндиштейнің нөздөйі. Әдеби пічесінде шылдаудут Ыжыу-
уаның ай көзінен ынашып, үшкінші деңгеліңізене
нұттайып, аңдағының үлкен жағынан шылдауда Свантесон
шылдауда да ішкілдерден әдеби орындарда үшкінші місияттың
рекорд, қуарықтың қуанды бүтінліккінде шылдауда
әзілімінде тұлғас подарад! Этапында Ніктеншілде шылдауда
шылдауда да әдеби орындарда үшкінші місияттың
рекорд, қуарықтың қуанды бүтінліккінде шылдауда
әзілімінде тұлғас подарад! Этапында Ніктеншілде шылдауда
шылдауда да әдеби орындарда үшкінші місияттың
рекорд, қуарықтың қуанды бүтінліккінде шылдауда
әзілімінде тұлғас подарад! Этапында Ніктеншілде шылдауда
шылдауда да әдеби орындарда үшкінші місияттың
рекорд, қуарықтың қуанды бүтінліккінде шылдауда
әзілімінде тұлғас подарад! Этапында Ніктеншілде шылдауда
шылдауда да әдеби орындарда үшкінші місияттың
рекорд, қуарықтың қуанды бүтінліккінде шылдауда
әзілімінде тұлғас подарад!

ШАТЫРДА ТҮРАТЫН КАРЛСОН

Стокгольм қаласында, көдімгі қөшелердің бірінде, жай үйде Свантесон фамилиялы қарапайым швед семьясы тұрады. Бұл семьяда да қарапайым әке мен қарапайым шеше және қарапайым үш бала – Боссе, Бетан және Балақай бар.

– Мен, тіпті де қарапайым бала емеспін, – дейді Балақай. Мұнысы, әрине, өтірік. Жер бетінде құлақтары кір-кір болып, шалбарының тізесі жалбырап жүретін, жеті жасар, көк көз бала қаншама, ендеше күмәнданатын түгі жок: Балақай – көдімгі-ақ бала.

Боссе он бес жаста, ол мектеп тақтасының алдынан гөрі, футбол қақпасында түрганды үнатады, ендеше – ол да қарапайым ғана бала.

Бетан он төрт жаста, оның бүрымдары да көдімгі өзге қыздардікі секілді, аумай қалған.

Ал енді осы биік үйде өзгелерге онша ұқсамайтын бір жанды пенде – Карлсон деген бар, ол шатырда тұрады. Иә, ол шатырда тұрады, мұнысы таңқаларлық-ақ. Мүмкін, басқа қалалардағы жағдай өзгеше шыгар, ал Стокгольмде, біреу-міреудің шатырды мекендеуі, оған қоса кішкентай бөлек үшікте тұруы бүріндыш-сонды болмаған оқиға. Ал, Карлсон, бір қызығы тұра шатырда тұрады.

Карлсон – ер көнілді, тығырышықтай тәпелтек адам, онысымен түрмай, ол әрі ұша біледі. Самолет пен вертолетке отырса кім үшпайды дейсің, алайда Карлсон өз бетінше ұша алады. Қарнындағы түймешені басып қалса, арқасындағы кішкентай бөлекет мотор жұмыс істеп кетеді. Пропеллер зырлап айналғанша, Карлсон қозғал-

май тұрады, ал қызған кезде, Карлсон биікке шырқап көтеріліп сөл теңселе, қалықтай үшады, дәл бір анау-мынау бастыққа үқасп маңыздана шікірейетінін қайтерсін, әрине, арқасында пропеллері бар бастықты елестетудің өзі қызық-ау.

Шатырдағы кішкентай үйшікте Карлсон рақат өмір кешуде. Ол күнде кешкілік үй шатырының жиегіне келіп отырады, трубкасын бұрқырата сорып, жұлдыздарға қарайды. Жұлдыздар, әлбетте, терезеден гөрі, шатырдан анық көрінбей ме, ендеше бұл жұрт шатырда неге тұрмайды екен, таң қаларлық-ақ нәрсе. Шатырга көшу, мүмкін, басқа тұрғындардың есіне келмей жүрген шыгар. Олар Карлсонның шатырда үйі барын білмейді ғой, өйткені кішкентай үйшігі абажадай тұтін мұржасының қалтарысында тұр. Тіпті, оған сурініп кетсе де, ересек адамдар, қайдағы бір кішкентай үйшікке көніл аударатын ба еді?

Бірде бір мұржа тазалаушы абайсызда Карлсонның үйшігін көрген. Ол катты таңырқап, өзіне-өзі:

— Ғажап... Үйшік пе?.. Мүмкін емес! Шатырда бұл неғылған үйшік?.. Бұл қайдан сап ете қалды? – деген.

Содан сон мұржа тазалаушы өз шаруасымен жүріп, үйшік жайлы ұмытып кетті, кейін ол туралы қайтып ойлаған емес.

Карлсонмен танысқанына Балақай аса қуанышты болатын. Карлсон ұшып келген күні-ақ, небір қызық оқиғалар басталды. Балақаймен танысу, Карлсонға да теріс бола қойған жоқ. Қанша дегенмен, адам баласы естіп-көрмеген құрттай үйде жалғыз тұру, кімге де болса жайсыз ғой. Қасынан ұшып өткенде: «Сөлем Карлсон!» дейтін адамы болмаса, көнілсіз-ақ.

Олардың таныстығы ете сәтсіз күндердің біріне тап келді, дәл сол күні ол өзінің Балақай боп туғанына өкінгендей еді, алайда жайшылықта бала болғанға не жетсін. Балақай – үйдегілердің ең сүйіктісі еді ғой, сондықтан да оны әркім өз қадірінше еркелететін. Алайда сол күні шым-шытырық бір бөле болды. Тағы да шалбарынды жыртып келдің деп алдымен шешесі ұрысты, одан: «Мұрныңды сүрт!» – деп Бетан бажылдады, мектептен кеш оралдың деп өкесі ашуланды.

— Көшे кезесің! — деді әкесі.

«Көше кезесің!» Үйге қайтқан жолда Балақайға күшік кез болғанын әкесі мұлде білмейді гой. Сүйкімді, әдемі күшік екен, дәп бір сенің күшігің болайыншы де-гендей, құйрығын қуана бұлғандатып, Балақайды өзі келіп иіскеледі.

Балақайдың өзіне салсан, онда күшіктің тілегі сол арада-ақ орындалған болар еді. Бірақ амал қанша, әкесі мен шешесі ит десе ат-тонын ала қашады. Сөйтіп тұрганда, кенет бұрыштан бір апай шыға келіп: «Рики! Рики! Мұнда кел!» — деп айғай салды, Балақай сонда барып бұл күшіктің енді қайтып ешқашан өзінің күшігі болмайтынын анық сезді.

— Өмір бойы итсіз өтетін түріміз бар екен, — деді Балақай қайғылы үнмен, бәрі будан теріс айналғанда. — Сенің гой, мама, әкен бар; Боссе мен Бетан да үнемі сендермен бірге. Ал менің — менің ешкімім де жоқ!..

— Қымбатты Балақай, біз бәріміз сенікі емеспіз бе? — деді шешесі.

— Білмеймін... — Балақай одан бетер қайғылана түсті, себебі сол сәт шынымен-ақ оның бұл дүниеде ешкімі, ештеңесі жоқтай көрініп кеткен.

Дегенмен, ол да құр қол сорлы емес, оның өз бөлмесі бар-тын, ол солай бет алды.

Көктемнің тұнық кеші болатын, терезелер ашық тұрган, ақ перделері бейне бір көктемгі мәлдір аспанда туып келе жатқан кішкентай бозаң жұлдыздармен амандақсандай, үлбіреп жай тербеледі. Балақай тerezенің ернеуіне шынтақтап, алыс аспанға қарады. Бұғын көрген әдемі күшік жайлы ойлады. Мүмкін, сол күшік қазір асханадағы себеттің ішінде жатқан шыгар, әлдебір бала — әрине, Балақай емес, басқа біреу — оның қасында еденде отырып: «Рики, сен керемет тәбетсің!» — деп, күшіктің сабалақ басын сипалап отырған шыгар.

Балақай ауыр күрсінді. Сол-ақ екен, ойламаған жerde ол әлдекандай әлсіз ызылды естіді. Ізыл күшіне түсті, кенет, мұндай да тажап болады екен-ау, тerezенің алдынан тығыршықтай кішкентай адам үшып өтті. Бұл,

шатырда тұратын Карлсонның нақ өзі еді. Бірақ дәл қазір Балақай оны білмейтін.

Карлсон Балақайға зейін қоя, ұзагырақ қарап алды да, ары қарай ұша жөнелді. Биікке көтеріліп, шатырдың үстін бір айналды, мұржаны орап өтіп, қайтадан терезе жакқа бұрылды. Жылдамдығын қүшеттіп, құдды кішкентай самолетке ұқсап, Балақайдың алдынан зу етіп өте шыкты. Содан кейін екінші рет зу ете қалды. Ушінші рет тағы да сейтті.

Балақай жадылағандай, қыбыр етпей тұрып, ары қарай не боларын құтті. Біреу жотасына мұз қарып жібергендей өсермен, есінен айрылғандай қатты абыржыды, шынында да, мұндай тығыршықтай тәпелтек адам терезенің түбінен күнде ұшып өте бермейді ғой.

Бұл кезде сырттағы өлгі кішкентай адам жылдамдығын азайтып, терезенің төменгі ернеуіне теңесе бере:

— Сәлем! Маган бір минутқа мұнда қонуга бола ма? — деді.

— Иә, иә, болады, — деді Балақай асыға-аптыға, іле: — Немене, бұлай ұшу қын ба? — деп сұрады.

— Маган түк емес, — деді Карлсон маңғаз пішінмен, — өйткені мен әлемдегі ең үздік ұшқырмын! Бірақ мен боскеуделерге маган еліктендер деп, жаппай кеңес бермес ем.

«Боскеуде» деген сөзге өкпелеп керегі жоқ деп ойлады Балақай, ешқашан ұшып байқамаспын деп шешті іштей.

— Сенің атың кім? — деп сұрады Карлсон.

— Балақай. Алайда шын есімімді Сванте Свантесон деп атайды.

— Ал мені, неге екенін қайдам, Карлсон деп атайды. Жай Карлсон десен болды. Сәлем, Балақай!

— Сәлем, Карлсон! — деді Балақай.

— Сенің жасың нешеде? — деп сұрады Карлсон.

— Жетідемін, — деп жауап берді Балақай.

— Тамаша. Жарайды өнгімемізді жалғастырайық, — деді Карлсон.

Содан соң ол топ-толық мыртық аяқтарын бірінен соң бірін терезе ернеуінен тез-тез асыра тастап, бөлмеге кіріп келді.

Карлсонның бойынан ересек адамға келмейтін бала-лық қылықтарды көргенде, Балақай шыдай алмай:

– Ал сенің жасың нешеде? – деп сұрап қалды.

– Менің жасым нешеде? – Карлсон қайыра сұрады. – Мен күші нағыз кемеліне келген еркекпін, саған басқа ештене де айта алмаймын.

Балақай күші нағыз кемеліне келген еркек дегеннін не екенін жете түсінген жоқ. Мүмкін, ол да күші нағыз кемеліне келген еркек шығар, бірақ оны өзір өзі білмей жүр ме екен? Сол себепті ол абайлап қана:

– Қай жаста күші кемеліне келген кез болады? – деп сұрады.

– Кез келген! – деп, Карлсон риза пішінмен күлімсіреді. – Әйтеуір, мен жайлы сөз болса, қай жас та жарай береді. Мен сұлумын, ақылдымын, әрі бабы келіскең нағыз кемел шактағы еркекпін!

Ол Балақайдың кітап сөресіне келді де, онда тұрган ойыншық бу машинасын алып шықты.

– Кел, оны жүргізейік, – деп ұсыныс жасады Карлсон.

– Өкемнің рұқсатынсыз болмайды, – деді Балақай. – Машинаны тек өкем немесе Боссе бардағана жүргізуге болады.

– Өкен барда немесе Боссемен шатырда тұратын Карлсон бардағана. Бу машинасының әлемдегі ең мықты маманы – ол шатырда тұратын Карлсон. Өкене солай деп айт! – деді Карлсон.

Ол бу машинасының қасында тұрган денатурат¹ құйылған шөлмекті алды да, спиртовкаға² құйып, пілтесін тұтатты.

Карлсон бу машинасының ең мықты маманы болса да, денатуратты төгіп-шашип тым икемсіз құйды, сөйтіп кітап текшесінде көлкілдеген көлшік пайда болды. Ол лезде тұтанып кетті, жылтыраган текше бетінде көгілдір жалын билей жөнелді. Балақай шошына айқайлап, жалт берді.

¹Денатурат – ішуге болмайтын қоспалы спирт.

²Спиртовка – спиртпен жанатын шам.

– Сабырлылық, тек сабырлылық керек! – деді Карлсон, томпиган қолын көтеріп, сақтандыру белгісін жасады.

Алайда отты көргенде, Балақайда сабыр қалған жоқ. Ол шүберекті ала сап, жалынды жаба салды. Жылтыраган текше бетінде бырысып-тырысқан ұсқынсыз дақ, қалды.

– Қарашы, текшениң беті бүлініп қалды! – деді Балақай уайымдап. – Енді мамам не дер екен?

– Түк те емес, үйреншікті жай нәрсе! Кітап текшесіндегі құрттай дақтар – бұл үйреншікті нәрсе ғой. Шешене солай деп айт.

Карлсон көздері жайнап, бу машинасының қасына тізерлеп отыра кетті.

– Қазір ол жұмыс істей бастайды.

Шынында да, көзді ашып-жұмғанша болған жоқ, бу машинасы жұмыс істеп кетті. Фут, фут, фут... деп пышылдады. Иә бұл бу машиналарының ішіндегі таңдануға тұратын ең тамашасы еді, сондықтан да Карлсон оны өзі жасағандай аса қуанышты, асқақ күйде тұрған.

– Мен сақтық клапанын тексеруім керек, – деді кенет Карлсон, сөйтті де әлдебір тетігін бүрай бастады. – Егер сақтық клапандарын тексермесек, апат болуы мүмкін.

Фут-фут-фут... Машина енді тез-тез пышылдады. – Фут-фут-фут!.. Сонында машина тұншыға ентікті, шокырақтай зулады. Карлсонның көздері жайнай түсті.

Балақай да текше бетіндегі дақты уайымдауды қойған. Ол өзінің осындаған да жарап бу машинасының барлығына және де бу машиналарының әлемдегі ең мықты маманы – Карлсонмен танысқанына, оның сақтық клапанын соншама ептілікпен тексергеніне қуанышты болатын.

– Ал, Балақай, – деді Карлсон, – мынау нағыз керемет «фут-фут-фут»! Бәсе, осылай болса керек! Әлемдегі ең мықты ма...

Карлсон сөзін аяқтап үлгіргенше, бу машинасы гұрс етіп жарылып, оның бөлшектері бөлме ішіне шашылып түсті.

Бейне бір бу машинасымен қызық фокус көрсеткен

адамдай: – Жарылып кетті! – деп, масаттана айқайлап жіберді Карлсон. – Шын айтам, жарылып кетті! Гүрсілі қандай! Тамаша болды, ө?!

Балақайда Карлсонның қуанышына қосыла елігетін хал жоқ-тын. Ол көздері жасқа толып, абыржыған күйі тұрып қалды.

– Менің бу машинам... Менің бу машинам быт-шыт болды! – деп солқылдады ол.

– Түк те емес, үйреншікті нәрсе! – Карлсон томпиган қолын немқұрайды сілтей салды. – Мен саған бұдан да мықтысын берем, – деп жұбатты ол Балақайды.

– Сен бе? – Балақай таңдана сұрады.

– Әрине. Ана жақта, жоғарыда, бірнеше мың бу машинам бар.

– Қайдағы жоғарыда?

– Жоғарыда, менің шатырдағы үйімде.

– Сенің шатырда үйің бар ма? – деп, Балақай қайталап сұрады. – Бірнеше мың бу машинан да бар ма?

– Әлбетте. Екі жүздей болып қалады.

– Онда мен сенің үйіңе барғым келеді! – деп айқайлап жіберді Балақай.

Бұған сену қиын еді; шатырдағы кішкентай үйшік, онда Карлсон тұрады...

– Кішкентай үй тола машина, қандай, ө? – деп айқайлады Балақай. – Екі жұз машина!

– Алайда, қанша қалғанын мен әлі санагам жок, – деп анықтай түсті Карлсон, – дегенмен, бірталай.

– Сен маган бірсуін бересің бс?

– Әлбетте!

– Осы қазір ме?

– Жоқ, алдымен мен оларды сөл-пөл қарауым керек, сақтық клапандары қалай екен... өзің білесің гой. Сабырлық, тек сабырлық керек! Сен машинаны жуық күнде аласың.

Балақай еденнен бу машинасының сынықтарын жинай бастады.

– Енді әкем қалай ашуланар екен, – деді ол, қынжыла міңгірлеп.

Карлсон таң қалған пішінмен қасын керіп:

– Бу машинасына бола ма? Бұл деген түк емес, әдеттегі жай нәрсе гой. Соған да қинала ма? Әкеңе со-лай деп айт. Мен өзім-ақ айттар едім, бірақ асығып тұрганымды қарашы, сондықтан да мұнда ұзақ кідіре алмаймын... Маган бүгін сенің әкеңмен кездесудің сөті түспейін деп тұр. Мен үйіме ұшып барып, онда не бол жатқанын көруім керек.

– Сенің маган кездескенін жақсы болды, – деді Балақай. – Әрине, бу машинасы... Сен тағы бір реті келгенде ұшып келесін бе мұнда?

– Сабырлық, тек сабырлық керек! – деп, Карлсон қарнындағы түймені басты.

Мотор гуілдей жөнелді, Карлсон пропеллер бар күшімен айналғанша, орнынан тапжылмай күтіп тұрды. Міне, ақыры Карлсон еденнен көтеріліп, бөлме ішін бірнеше рет айналды.

– Моторы түскір бұзылыңқырап тұр. Ұстаханаға ұшып барып, майлаташып қайтпаса болмас. Әрине оны өзім-ақ істеуге болар еді, алайда, сорыма қарай, уақыт жоқ... Ұстаханаға соқпасам болмас.

Балақай да сонысын ақыл деп ойлаған.

Карлсон ашық терезеден ұшып шықты, оның кішкентай жұмыр денесі жұлдыздар жайнаған көктем көгінде айқын көрінді.

– Сау бол, Балақай! – деп айғайлады Карлсон томпиган қолын бұлғап, содан соң көрінбей кетті.

КАРЛСОН МҰНАРА ТҮРҒЫЗАДЫ

 ның аты – Карлсон, ол анау жогарыда, шатыр-да тұрады деп мен сендерге айттым гой, – деді Балақай. – Онда тұрган не бар еken? Қайда тұрам десе де, адамдардың өз еркі емес пе?..

– Жә, қасарыспа, Балақай, – деді шешесі. – Зәремізді ұшырғаның аз болып отыр ма? Мынауың нағыз қопарылыс. Қалай өлмей қалғансың! Осыны неге түсінбейсің сен?

– Түсінем гой, алайда бәрібір Карлсон бу машинасы-

ның өлемдегі ең мықты маманы, – деп, Балақай шешесінен сеніммен қарады.

Бу машинасының өлемдегі ең мықты маманы сактық клапанын тексерем деп тұрса, оған қалай гана «жоқ» деп айтуға болады, шешесі осыны неге түсінбейді екен!

– Истеген қылығына өзін жауап бер, – деді әкесі қатал үнмен – өз кінөнді қайдағы бір шатырда тұратын Карлсон деген жоқ біреуге аудара салғанынды қой.

– Бар, – деді Балақай, – бар болғанда қалай!

– Оған қоса үшатынын қайтерсің! – деп Боссе мазактай күлді.

– Ал, үшады ал, – деп, кесіп айтты Балақай. – Ол, сөз жоқ, біздікіне тағы да үшып келеді, сонда өз көзінмен көресің әлі.

– Ертең үшып келсе жақсы болар еді, – деді Бетан. – Егер шатырда тұратын Карлсонның үшып келгенін өз көзіммен көрсем, онда, Балақай, мен саған бір крон¹ берем.

– Жоқ, сен оны ертең көре алмайсың – ертең ол моторын майлаттыру үшін ұстаханаға баруы керек.

– Жә, осы айтқан ертегің де жетіп қалар, – деді шешесі. – Одан да сен кітап текшеңе қарашы, не бол қалған.

– Карлсон айтты, онда тұрған түк жоқ, жай үйреншікті нәрсе! – Сөредегі кішкентай даққа бола абыржудың қажеті не дегендей, Балақай да Карлсонның қимылын қайталап, қолын сілтей салды.

Бірақ сөзі де, жаңағы жағымсыз қимылы да шешесіне бөлendez әсер етпеген сияқты.

– Ә, Карлсон солай дей ме? – деді шешесі қатал үнмен. – Ендеше оған айт, егер ол екінші қайтып бұл үйге тұмсығын сұғатын болса, мен оны өмірі ұмытпайтындей етіп сабап жіберемін.

Балақай ештеңе деген жоқ. Шешесінің бу машинасының өлемдегі ең мықты маманын жазалаймын деуі, оған тым жайсыз көрінді. Бәсе, мұндаидай берекесі кеткен сәтсіз күннен басқа жақсылық күтүгеге де болмайтын еді.

¹ Крон – Батыс Европадағы кейбір елдердің ақшасы.

Кенет Балақай Карлсонды – кішкентай қолын күлкілі, қызық сермен: «Реніш деген – жай нәрсе, тіпті уайымдауға тұрмайды», – деп сөйлей салатын, көнілді, сергек адамды қатты сағынғанын сезді. «Карлсон шынымен-ақ енді ешқашан ұшып келмей ме?» деп, құдіктене ойлады Балақай.

– Сабырлық, тек сабырлық керек! – Балақай Карлсонға еліктең, өзіне-өзі осылай деді. – Карлсон уәде берді гой, бірден белгілі, ондай адамға сенуге болады. Бірер күнде ұшып келеді, сөзсіз ұшып келеді.

...Балақай өз бөлмесінде еденде кітап оқып жаткан, терезе сыртынан тағы да таныс ызыл естілді де, іле бөлмеге бейне бір алып араға ұқсап, Карлсон ұшып кірді. Ол әлдебір көнілді өуендей ақырын әндептіп, төбені бірнеше рет айнала ұшты. Қабыргага қыстырылған суреттердің тұсынан ұшып откенде, дұрыстап қарау үшін, ол үнемі жылдамдығын азайтумен болды. Басын сурет жаққа онтайлай бұрып, көзін сығырайта сығалады.

– Әдемі суреттер, – деді ол ақырында. – Тіпті әдемі суреттер! Дегенмен, әрине, менікінен көркем емес.

Балақайдың шаттанғаны сонша, тіпті қалай ұшып тұрғанын да байқаған жоқ. Карлсонның келгеніне ол қатты қуанды.

– Анау шатырда сенің суреттерің көп пе? – деп сұрады ол.

– Бірнеше мың. Мен қолым боста сурет салам гой. Кішкентай әтештер мен құстардың және түрлі әдемі заттардың суретін салуға өуеспін. Ал әтешке келгенде, мен әлемдегі ең мықты суретшімін, – деді де, Карлсон әдемі шұғыл бұрылыс жасап, Балақайдың қасына қона кетті.

– Сен шын айтасың ба?! – деп таңырқады Балақай. – Сенімен бірге шатырға көтерілуіме бола ма? Сенің үйінді, бу машиналарынды, суреттерінді көргім келеді!..

– Әрине, болады, тіпті айтпасаң да түсінікті. Сен құрметті қонағым боласын... бірақ кейін бір реті келгенде, – деді Карлсон.

– Тезірек болса екен! – Балақай айқайлап жіберді.

— Сабырлық, тек сабырлық керек! — деді Карлсон. — Мен алдымен үйімді ретке келтірейін. Оған бәлендей көп уақыт кетпейді. Бөлмені тез жинайтын әлемдегі ең үздік шебердің кім екенін, әлбетте, сен сезетін шыгарсың?

— Шамасы, сен шыгарсың, — деді Балақай екі ұшты.

— «Шамасы!» — Карлсон ашуланып қалды. — «Шамасы» дейді гой! Қалай ғана күмәнданасың! Шатырда тұратын Карлсон — бөлмені шапшаш жинаудың әлемдегі ең мықты шебері. Мұны бәрі біледі.

Карлсонның барлық жағынан осылай, «әлемдегі ең үздік» екенін Балақай күдіксіз мойындады. Ойынга келгенде де ол әлемдегі ең мықты жолдас шыгар-ау. Балақай оны өз тәжірибесінде байқады... Рас, жолдастыққа келгенде Кристер мен Гунилла да бәлендей жаман емес, бірақ оларға шатырда тұратын Карлсондай болу қайда! Кристер болса, өзінің Еффа дейтін итіне мактанады, ал Балақай оны көптен қызғанатын.

«Егер ол ертең тағы да өзінің Еффасымен мактана-тын болса, мен оған Карлсон жайлы айтамын. Шатырда тұратын Карлсонмен салыстырганда, оның Еффасы түкке тұрмайды. Мен оған осылай айтамын».

Балақайдың дүниедегі жалғыз құштары, итім болса дейтін...

Балақайдың ойын Карлсон үзіп жіберді.

— Мен қазір аздал көніл көтеруге қарсы болmas едім, — деп, ол айналасына сұктана қарады. — Саған жана бу машинасын сатып өпермеген бе?

Балақай басын шайқады. Бу машинасымен болған уақиға есіне түсіп: «Карлсон қазір осында тұрғанда, әкешешеме көрсетіп, шындыққа көзін жеткізейін» деп ойлады. Боссе мен Бетан үйде болса, Карлсонды оларға да көрсетпек.

— Менің әке-шешеммен танысуға барасың ба? — деп сұрады Балақай.

— Әрине! Қуана-қуана! — деп жауап берді Карлсон. — Мендей көркем де ақылды адаммен кездесу — оларға да қуаныш емес пе... — Карлсон риза пішінмен болме ішінде арлы-берлі жүрді. — Және күйі бабында, — деп

косып қойды. – Қысқасы, күші нағыз кемелденген еркек. Иә, сениң ата-анаң менімен танысқандарына өте риза болады.

Ас үй жақтан қуырылған тефтелидің іісі келгенде, Балақай енді аздан соң тамактанатындарын білді. Ол аз ойланып, Карлсонды туыстарымен тамақтан кейін таныстырмақшы болып шешті. Оның себебі, біріншіден, шешесі тефтели қуырып жатқанда барып жағаласса, одан түк жақсылық таппайды. Оған қоса, әкесі мен шешесі кенет Карлсонмен бу машинасы жайлы немесе текше бетіндегі дақ туралы әңгіме қозгай қалса... Ондай әңгімені қалайда болдырмая керек. Бу машинасының әлемдегі ең мықты маманын қалай қабылдау керектігін Балақай ас үстінде әке-шешесіне өзі түсіндіріп көреді. Тамақ ішіп болған соң, бәрі түсінген кезде ғана, Балақай үй ішін өз бөлмесіне шақырып апарады.

«Қайрымдылық көрсетіп, менің бөлмеме жүрініздерші. Шатырда тұратын Карлсон менде қонақта отыр» демекші Балақай.

Олар қалай таңданар екен! Сонда олардың жүзіне карау, тіпті – қызық емес пе!

Карлсон кенет бөлмедегі жүрісін тоқтата қойды. Тұра қап, құдды иішіл итке ұқсан, ііскелей бастады.

– Еттен жасалған тефтели гой. Майға қуырган дәмді қатты ұнатам! – деді ол.

Балақай абыржып қалды. Шынын айтқанда, Карлсонның мына сөзінен кейін тек қана: «Егер қаласан, қалып, бізben бірге тамақтан» деп, бір-ақ сөзбен жауап айту керек еді. Бірақ бұл сөзді айтуға Балақайдың батылы жетпеді. Алдын ала ата-анасымен келіспей тұрып Карлсонды асқа шақыру мүмкін емес. Егер Кристер мен Гунилла болса – онда жөн басқа. Балақай олармен, тіпті бәрі столга жайгасып болғаннан кейін де, соңғы минутта жүгіріп келіп: «Сүйікті маматай, Кристер мен Гуниллага да бұршақ сорпасы мен құймақ бере қойшы», – дер еді. Ал мына тығыншықтай тәпелтек адамды, оның үстінен бу машинасын жарып, кітап сөресін өртеген мұлде бөтен біреуді тамаққа шақыру – жоқ, бұл, тіпті де онай шаруа емес!